# ДЕРБЕС ТӨЛЕУШІЛЕР ҮШІН МӘМС ЖАРНАЛАРЫН БІР ЖЫЛ БҰРЫН АЛДЫН АЛА ТӨЛЕУДІҢ БАЛАМАЛЫ ӘДІСІ

ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ

1. Төлем күнінен кейін келесі 12 ай үшін төлеу керек ( алдын ала бір жыл бұрын )
2. Өткен айлар бойынша берешек есепке алынбайды
3. Тек дербес төлеушілер төлей алады
4. Егер келесі жылы АЕК мөлшері өзгеретін болса, онда қосымша ақы төлеудің қажеті жоқ
5. БЖТ және дербес төлем - бұл МӘМС жарналарының екі түрлі төлем түрі
6. Жарналар төлегеннен кейін сақтандыру мәртебесі 3 жұмыс күні ішінде беріледі




*"Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Заңның 5-бабының 3-2 -тармағы*

# БЖТ ДЕГЕНІМІЗ НЕ ЖӘНЕ ОНЫ КІМДЕР ТӨЛЕЙ АЛАДЫ?

ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ

1. Сақтандыру мәртебесін алу үшін алдыңғы үш ай қатарынан (ағымдағы күнге дейін) БЖТ төлемдерінің болуы жеткілікті

2022 02, 2022 03, 2022 04, 2022 05, 2022 06, 2022 07, 2022 08, 2022 09, 2022 10, 2022 11, 2022 12, 2023 01, 2023 02

2. БЖТ төлем жасалған күннен бастап төлем жүргізілген айдың соңғы күніне дейін қолданылады

3. БЖТ төлеушінің табыс мөлшері күнтізбелік жыл үшін 1175 еселенген АЕК мөлшерінен аспауы тиіс (2023 жылға 4 053 750 теңге).

4. Қандастардан басқа шетел азаматтары БЖТ төлей алмайды

5. БЖТ-ны өткен кезең үшін төлеуге болмайды, тек алдағы кезеңге төлеу керек

6. БЖТ-ны ресми жұмыс істейтіндер, жеке практикамен айналысатындар, жеке кәсіпкерлер төлей алмайды




## 2023 жылғы БЖТ мөлшері

Астана, Алматы, Шымкент және облыстық маңызы бар қалалардың тұрғындары үшін 1 АЕК = 3450 теңге

Қалған елді мекендердің тұрғындары үшін 0,5 АЕК немесе 1725 теңге

БЖТ- біріңғай жиынтық төлем
АЕК- айлық емептік көрсеткіш

Жеке табыс салығы мен әлеуметтік төлемдер түрінде БЖТ төлеу, бөлу және аудару, сондай-ақ оларды қайтару қағидаларын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 18 қаңтардағы №4 қаулы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000004

# ТМККК ЖӘНЕ МӘМС АРҚЫЛЫ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАНДАЙ САНАТТАРЫ СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК АЛА АЛАДЫ?

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

ТМККК және МӘМС арқылы стоатологиялық көмекті барлық азаматтар ала алмайды. Бұл азаматтардың санаттары Денсаулық сақтау министрінің № 106 бұйрығымен бекітілген, бұл халықтың жеке топтары:

## ШҰҒЫЛ СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК АЛА АЛАДЫ:

- 18 жасқа дейінгі балалар
- Жүкті әйелдер
- Отан соғыс ардагерлері
- I, II, III топ мүгедектері
- Көп балалы аналар, "Алтын алқа", "Күміс алқа" марапат иелері
- Атаулы әлеуметтік көмек алушылар
- Зейнеткерлер
- Инфекциялық, әлеуметтік мәні бар аурулармен және айналасындағылар үшін қауіп төндіретін аурулармен ауыратын аурулар
- Мүгедек баланы күтіп-бағуды жүзеге асыратын жұмыс істемейтінадамдар
- Бала кезінен бірінші топтағы мүгедекке күтім жасайтын жұмыс істемейтін адамдар

## ЖОСПАРЛЫ СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК АЛУҒА БОЛАДЫ:

- Жүкті әйелдер мен балалар



**!** *Пациенттер стоматологиялық көмекті учаскелік дәрігердің жолдамасынсыз ала алады*
*Міндетті шарт болып стоматологиялық клиника ӘМСҚ қамтамасыз етушілердің дерекқорына кіруі есептеледі*

*ҚР ДСМ 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-106/2020 "шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмекке жататын халықтың жекелеген санаттарының тізбесін бекіту туралы "бұйрығы*

# МӘМС жүйесінде **«Жұмыс істемейтін жүкті әйел»** жеңілдік мәртебесін қалай алуға болады



**«Жұмыс істемейтін жүкті әйел»** жеңілдік санатына сақтандыру мәртебесін беру үшін дәрігер немесе акушер жүкті әйелдің деректерін **«Жүкті және фертильдік жастағы әйелдердің тіркелімі»** ақпараттық жүйесіне (**ЖФЖӘТ АЖ**) енгізуі қажет.

Жүкті әйелді **ЖФЖӘТ АЖ**-не есепке 3 маман қоя алады

❗Мәртебе **3 жұмыс күні ішінде** автоматты түрде беріледі

1. **ЖПД /участкелік терапевт - ТМККК** шеңберінде
2. **Участкелік акушер - ТМККК** шеңберінде
3. **Акушер-гинеколог - МӘМС жүйесі** шеңберінде

❗ **ЖПД мен акушер МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған <u>жүкті әйелдердің деректерін қабылдап</u>, енгізе алады**

❌ *Егер әйел **БЖТ төлеген болса**, жүйе оны автоматты түрде жұмыс істейтін ретінде таниды және жеңілдік мәртебесі берілмейді*



@SaqtandyryBot

*жүкті әйелдің шынымен жұмыссыз екенін растау үшін мәртебе берілгенге дейін кемінде екі ай бұрын зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар болмауы керек

❗егер үш жұмыс күні ішінде жеңілдік мәртебесі расталмаса, онда пациент https://eotinish.kz порталы арқылы ЕжХӘҚМ-не өтініш жіберуі керек



MedInform
Qoldau 24/7
Call center 1406

# МӘМС дербес төлеушілерге бір жыл бұрын жарнаны қалай төлеуге болады?

ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ



## ТӨЛЕМ АТАУЫ

✔ МӘМС жарналары дербес төлеуші ретінде

## ТӨЛЕМ МӨЛШЕРІ

✔ айына 3500 теңге
жалпы сома 42000 теңгені
(2023 жылы төлейтін)



## ТӨЛЕМ МЕРЗІМІ

✔ ағымдағы ай
және одан кейінгі 11 ай

## МӘМС үшін ҚАЙДА төлеуге болады?



- екінші деңгейдегі банктер және олардың интернет-сервистері мен мобильді қосымшалары
- "Қазпошта" АҚ бөлімшелері
- төлем терминалдары (Qiwi, Kassa24 )

**ТӨЛЕМ** тағайындау коды - 122

**МӘМС**-ке жарнаны әр айға жеке бөліп төлейді

**САҚТАНДЫРУ** мәртебесін арқылы тексере аласыз

fms.kz
сайтынан

SaqtandyrýBot
Telegram-дағы

Qoldau 24/7
мобильді қосымшасынан



# МӘМС жүйесіндегі берешекті жою

## ҚАЙТАРУДЫ ҚР АУМАҒЫНДА УАҚЫТША БОЛАТЫН ШЕТЕЛ АЗАМАТЫ (НЕМЕСЕ ШЕТЕЛДІКТІҢ ОТБАСЫ МҮШЕСІ) РӘСІМДЕЙДІ

- жеңілдік санатында болған уақытта
- ҚР азаматтығына/ тұруға ықтиярхатты алғанға дейін
- еңбек мигранты ҚР аумағына келгенге дейін

## МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА ӨТІНІШ ЖАЗУ КЕРЕК




## ӨТІНІШТІ kanc@fms.kz электронды мекен-жайға жіберу керек

КЕАҚ «Әлеуметтік
медициналық сақтандыру
қоры» Басқарма Төрағасына

______________________
Мекен-жайы: __________
ЖСН __________________
Тел.: _________________

Өтініш

Міндетті медициналық сақтандыру жүйесіндегі __________ бастап __________ дейінгі *(мерзімін көрсету)* ______________________ байланысты берешекті жоюыңызды сұраймын. Қарызды жоюды негіздейтін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Қосымша:

АЖӘ __________
Күні __________
қолы ________


ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ



Шетелдіктерді тіркеу
Емханаға кім және қалай тіркеле алады?
МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ
Ықтиярхаты бар шетелдіктер
Тіркелу: egov арқылы, ЭЦҚ қажет
Құжат түрі:
• қандас куәлігі
• босқын куәлігі
• азаматтығы жоқ адамның куәлігі
• ҚР тұрақты тұруын растайтын құжат – тұру ықтиярхаты (ЫБШ)
Медициналық көмектің көлемі:
• ТМККК+МӘМС толық көлемде
• Жеңілдікті санатқа кіру
Ықтиярхаты жоқ шетелдіктер
Тіркелу: емханада өтініш қалдыру бойынша
Құжат түрі:
• төлқұжат, ЕМС
ҚР аумағына ЕАЭО (Қырғызстан, Беларусь, Ресей, Армения) елдерінен келген еңбек мигранттары мен олардың отбасы мүшелері (жұбайы және балалары)
Медициналық көмектің көлемі:
• ТМККК - айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулар кезінде
• ТМККК - шұғыл медициналық көмек
• МӘМС - толық көлемде
• Жеңілдікті санатқа кіру
Ықтиярхаты жоқ ТМД елдерінен келген шетелдіктер
Тіркеусіз
Құжат түрі:
• төлқұжат
Медициналық көмектің көлемі:
• ТМККК - айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулар кезінде
• ТМККК - шұғыл медициналық көмек
• Қалған қызметтер - ақылы негізде
Ықтиярхаты жоқ ТМД-дан тыс елдерден келген шетелдіктер
Тіркеусіз
Құжат түрі:
төлқұжат
Медициналық көмектің көлемі:
ТМККК - айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулар кезінде
ТМККК - шұғыл медициналық көмек, егер Қазақстан мен пациенттің резиденттік елі арасында келісім болса
Қалған қызметтер - ақылы негізде
ЫБШ - ықтиярхаты бар шетелдік
ЕМС - ерікті медициналық сақтандыру
ТМККК - Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі
МӘМС - Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру
Call center
1406
SaqtandyryBot
Medinform
МСАК көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидалары
ҚР ДСМ 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығы

# МӘМС - САҚТАНДЫРЫЛУ МӘРТЕБЕҢІЗДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРЕ АЛАСЫЗ?

## Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде өз мәртебеңізді төмендегі әдістер арқылы біле аласыз

### Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы

1. Мәзірден **«Сақтандырылу мәртебесін тексеру»** бөлімін таңдаңыз
2. **ЖСН** енгізіңіз

Қосымшаны жүктеу

GooglePlay — Qoldau 24/7 — AppStore

### Egov.kz электронды үкімет порталы

1. ***«Денсаулық сақтау»*** *бөлімінен «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне медициналық көрсетілетін қ ызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат беру»* қызметін таңдаңыз
2. **«Онлайн сұрау»** батырмасын басыңыз
3. **ЖСН** енгізіңіз

### @SaqtandyryBot телеграм-боты

1. https://t.me/saqtandyrybot сілтемесіне өтіп, немесе Telegram қосымшасын ашып, **«SaqtandyryBot»** атауын іздеңіз
2. **«Сақтандырылу мәртебесін анықтау»** бөлімін таңдаңыз
3. **ЖСН** енгізіңіз

### Қордың ресми сайты https://fms.kz

1. **«Сақтандырылу мәртебесін анықтау»** терезесі сайттың оң жағында, төменде орналасқан
2. **ЖСН** енгізіңіз




ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ

Qoldau 24/7
Call center 1406
fms.kz